

ӘОЖ 338.45:665.7

Ш.А. Болуспаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: shalkar87@mail.ru

Әлемдік мұнай бағасының Қазақстан жанармай нарығына ықпалы

Бұл мақалада Қазақстан жанармай нарығына әлемдік мұнай бағасы ықпалы қарастырылған. Жанармай нарығының қазіргі жағдайы сипаттала келе, Қазақстан үшін шикі мұнай өндіру әлемдік мұнай бағасының жоғары болу себебінен тиімді болып отыр, нәтижесінде еліміздегі моторлы жанармай өндірісі төмен деңгейде қалуда. Сонымен қатар Қазақстандағы бензин мен тұтыну баға индексі және әлемдік мұнай бағалары арасындағы байланыс талданған. Баға өзгеріс динамикаларын салыстыра келе аталған үш көрсеткіш арасындағы байланыс әрқашан оң бола бермейді. Ал корреляциялық талдау көрсеткендей бұл көрсеткіштер арасындағы байланыс әлсіз. Сонымен қатар мақалада Қазақстандағы және әлем елдеріндегі бензин бағаларының салыстырмалы талдауы жүргізілген. Нәтижесінде Қазақстанда да, әлем елдерінде де бензин бағасының қалыптасуына елдегі өндірілетін шикі мұнай көлеміне емес, үкіметтердің жанармай саласындағы жүргізетін саясатына байланысты екенін көруге болады.

Түйін сөздер: әлемдік мұнай бағасы, жанармай нарығы, бензин бағасы, баға индексі.

Sh. A. Boluspayev

The influence of oil prices on the fuel market of Kazakhstan

This article describes the influence of oil prices on the fuel market in Kazakhstan and the current state of the fuel market. For Kazakhstan crude oil production is profitable due to high oil prices, and as a result the production of motor fuel remains at a low level. And it was also considered the relationship between the price of gasoline in Kazakhstan, the index of consumer prices and world prices for oil. Comparing the dynamics of price changes can be ascertained that the relationship between these parameters is not always positive. Correlation analysis showed that the relationship between these indicators are weak. Also in the article provided a comparative analysis of gasoline prices in Kazakhstan and other countries of the world. It can be said that the presence of crude oil in the country is not the most important factor in pricing of gasoline, and government policies in the fuel market is important.

Keywords: world oil prices, fuel market, gasoline price, price index.

Ш.А. Болуспаев

Влияние мировых цен на нефть на топливный рынок Казахстана

В данной статье рассмотрено влияние мировых цен на нефть на топливный рынок Казахстана. Показана взаимосвязь между ценами на бензин в Казахстане, индексом потребительских цен и мировыми ценами на нефть. А также в статье предоставлен сравнительный анализ цен на бензин в Казахстане и в других странах мира.

Ключевые слова: мировые цены на нефть, рынок топлива, цены на бензин, индекс цен.

Бүгінгі таңда Қазақстан – тұрақты және бірқалыпты дамыған мұнай-газ кешені бар мемлекет. Бұл елімізге мұнай мен табиғи газды өндіруші елдер қатарына кіруіне өз септігін тигізіп отыр. Мұнай-газ саласы Қазақстан Республикасының экономикасының дамуының негізі болып саналады. Соның арқасында Қазақстан 2011 жылдың қорытындысы бойынша әлемдік мұнай өндірісінің 2 пайыз үлесін алып, әлем бойынша 16 орынды иеленді. Қазақстанның 2011 жылдағы мұнайды өндіру көлемі (100, 5%

2010 жылға) 80, 06 миллион тоннаны құрады. Қайта өндеген мұнайдан үш отандық мұнай өңдеу зауытында (Шымкент, Павлодар, Атырау) келесі нәтижелерді көруге болады:


- жанармай – 2757, 6 мың тонна (95,3% 2010 жылға);
- дизель отыны – 4064, 3 мың тонна (99,8% 2010 жылға);
- мазут – 3660, 1 мың тонна (97,1% 2010 жылға);
- жер май – 387, 1 мың тонна (79,1% 2010 жылға).

Мұнай өнімдерінің өндірісінің төмендеуі 2011 жылы Павлодар мұнай-химия зауытының Ресеймен қойылатын мұнайдағы күкірт мөлшерінің ауырлауға және үлкеюіне тенденциясы бар болғандығымен байланысты болып табылады. 2011 жылдың бірінші жарты жылдығында мұнай сапасының төмендеуі байқалды, бұл күкірт мөлшерінің (технологиялық жабдық 1%-дан кем күкірт мөлшерімен мұнайды өндеуге есептелінген) 1,22%-ға дейін үлкейгенінің әсерінен болды.

Республика аумағындағы соңғы 5 жылда автобензин өндірісінің өсуі 6,1%-ды құраса, мұнайдың бастапқы өндірісі 19,1%-ға ұлғайып, мұнайдың шикізаттық экспорты 30,4%-ға артқан.

Мұнай шикізаты өндеу табысты болғандықтан, мұнай шикізатының экспорт мөлшері өте қарқынды өсіп келе жатыр. Шикізат саласының дамуы кей жағдайда өндеу саласының дамуына кедергі етеді. Егер белгілі бір компания мұнайды экспорттаса, онда оған ҚҚС (қосылған құн салығы) қайтарылып, компания қосымша құнға ие болады. Ал егер ол Қазақстандық мұнай өндеу зауытына мұнай жеткізіп отырса, ҚҚС қайтарымы болмайды [1].

Қазақстандағы шикі мұнай өндірісі мен моторлы отын өндірісінің көлемінің статистикалық мәліметтеріне көз жүгіртсек (1-сурет), мұнай өндіру мен өндеу салаларының нәтижелерін көреміз.



1-сурет – 1992-2011 жылдар аралығындағы Қазақстанның шикі мұнай және моторлы жанармай өндіріс көлемі [2] дерек көзі бойынша автор құрастырған

Жоғарыдағы суреттен көріп отырғанымыздай, Қазақстан шикі мұнай өндірісін жылдан-жылға арттырып келеді. 1993, 1994 жылдарда ғана алдыңғы жылмен салыстырғанда өндіріс көлемі төмендегенін байқаймыз, ал қалған жылдары көрсеткіш өткен жылдарды озып отыр. Моторлы жанармай өндірісі болса, кейбір жылдары өсіп, кей жылдары төмендеген. Қазақстан моторлы жанармай өндіруден өзінің 1992 жылғы көрсеткішіне әлі жеткен жоқ. Бұл Қазақстанның шикі мұнай өндірісіне, оны өндеу саласына


қарағанда көп көңіл бөліп келгендігін көрсетеді [2].

Жанармай нарығындағы жағдай күннен-күнге өрши түсуде, себебі қымбат жанармай – бұл шығындардың артуы, мемлекеттік бәсекелестік деңгейінің төмендеуі. Елдің жанармай нарығы қысы-жазы құбылмалы болып тұрады. Әлемдік мұнай бағасы да құбылмалы. Мұнай шикізатына деген тарихи максимум – барреліне 147 доллар болған кезде, Қазақстанда 1 литр бензин 100 теңгеден де аз тұрған. 2011 жылы мұнай бағасы


одан айтарлықтай төмен, бірақ 3 қазаннан бастап АИ-92 бензині литріне 110 теңгені құрады. Қазақстанда бензин бағасы мен әлемдік мұнай бағасының өзгерістерін қарастырайық (2-сурет).

Төмендегі суреттен көріп отырғанымыздай Қазақстандағы бензин бағасы өзгерісі әлемдік мұнай бағасы (WTI) өзгерісіне әрқашанда сәйкес келе бермейді. 2001-2003, 2006-2007 және 2011

жылдардағы өзгерістерді шамамен сәйкес деп айтуға болатын болса, қалған жылдардағы баға өзгерістері арасындағы айырмашылық алшақ. 2000 жылы әлемдік мұнай бағасы 57 пайызға өсті, ал еліміздегі бензин бағасы 9,1 пайызға өскен. 2004 және 2005 жылдарда да өзгерістердегі айырмашылық байқалды, бірақ өзгеріс бағыты сәйкес келеді.



2-сурет – Әлемдік мұнай бағасы (WTI) және Қазақстандағы бензин бағасы өзгерістері [2,3] дерек көзі бойынша автор құрастырған.



3-сурет – Бензин бағасы және тұтыну баға индексін салыстыру [2] дерек көзі бойынша автор құрастырған

Ал 2008 және 2009 жылдардағы бағалар өзгерістері қарама-қайшы. 2008 жылы әлемдік мұнай бағасы индексі 137,8 болса, еліміздегі бензин бағасы индексі 87,1 болды, яғни бензин бағасы төмендеген. 2009 жылы керісінше жағдай орын алған, әлемдік мұнай бағасы біршама төмендегенде, бізде бензин бағасы өскен. 2011 жылғы өзгерістер шамамен сәйкес келеді. Осылайша, ішкі нарықтағы бензин бағасы мұнайдың әлемдік бағасына пропорционалды түрде өзгермегендігін көреміз [2,3].

Бензин – әлеуметтік маңызы зор тауар. На-

рықтағы бензин бағасы өзгерісінің Қазақстанның тұтыну баға индексіне (ТБИ) қалай әсер ететіндігін қарастырайық (3-сурет).

Жоғарыдағы суреттен көріп отырғандай, ТБИ бензин бағасына қарағанда тұрақты болып отыр. Яғни тауарлар бағасы өзгеруі бензин бағасы өзгерісіне сайма-сай емес. Қазақстан үшін соңғы 11 жыл көрсеткіші бойынша шикі мұнай, бензин бағалары және ТБИ қаншалықты тығыз байланыста екенін қарастырайық. Ол үшін корреляциялық талдауға жүгінейік (1-кесте).

1-кесте – Корреляциялық талдау нәтижесі


| | PETROL | PI | WTI |
|--------|----------|----------|----------|
| PETROL | 1.000000 | 0.160442 | 0.115646 |
| PI | 0.160442 | 1.000000 | 0.161589 |
| WTI | 0.115646 | 0.161589 | 1.000000 |

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, әлемдік мұнай бағасы (WTI) және Қазақстандағы бензин бағасы (PETROL) өзгерістері арасындағы байланыс тығыздығы 0,12-ге тең, ал бензин бағасы және ТБИ (PI) арасындағы байланыс 0,17-ге тең. Бұл екі жағдайда да көрсеткіштер арасындағы байланыс тығыздығы әлсіз деген шешімге келуге болады.

Қазақстан және әлем елдеріндегі этилденбеген бензин бағаларының салыстыруға тоқталайық. Төмендегі суреттен көріп отырғанымыздай (4-сурет), қазіргі кезде этилденбеген бензин бағасы әлем бойынша әртүрлі болып келеді. Мұнай экспорттаушы елдерде бензин бағасы салыстырмалы түрде арзан болуы жиі кездеседі (Венесуэла, Сауд Арабиясы, Катар). Қазақстандағы этилденбеген бензин бағасы шамамен Ресей және АҚШ елдеріне сәйкес келеді. Ал Еуропа елдерінде бензин бағасы айтарлықтай жоғары. Нәтижесінде Қазақстанда да, әлем елдерінде де бензин бағасының қалыптасуына елдегі өндірілетін шикі мұнай көлеміне емес, үкіметтердің жанармай саласындағы жүргізетін саясатына байланысты екенін көруге болады. Бұл жерде, әрине,

халықтың орташа табысы, салықтар көлемі, кәсіпорын шығындары, инфрақұрылым жағдайы сияқты факторлар ескеріледі [4].

2009 жылдың мамыр айында ҚР-ның үкіметі 2009-2015 жылдарға арналған республиканың мұнай өндейтін зауыттарын (МӨЗ) дамытуының комплексті жоспарын қолдады. 6 млрд доллардан жоғары тұратын МӨЗ жаңғыртуы (ол бұрын 4 млрд доллар деп бағаланған) 19,5 миллионға дейін және стандартты отын шығарылым көлемін «Еуро-4» және «Еуро-5» үлкеюін ескереді. Үкіметтің айтуы бойынша, жаңғырту тек қана ішкі нарықтағы тапшылықты толықтай жауып қана қоймай, мұнай өнімдеріндегі экспортты ұлғайтуға да мүмкіндік береді. МӨЗ қуатын арттырып, олардың жетілуіне қажетті құралдарды зауыт жұмысының күтімдері мен алыс-беріс схемасы және мемлекеттік мұнай резервтері бере алады. Одан басқа Кеден Одағы мен ЕЭП-тің құрылуы, яғни мұнай өнімдерінің жалпы нарығының қалыптасуынан, мемлекеттік реттеу мен баға құрылуының мөлдір механизмінде нормативтік заңға сүйенген базасының бейімдеулерінің қажеттілігі туындайды [1].



4-сурет – Этилденбеген бензиннің орташа бағасы
[4] дерек көзі бойынша автор құрастырған

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының мұнай және газ министрлігінің ақпараты. Интернет ресурс: http://www.mgm.gov.kz/index.php?option=com_content&view=category&layout=blog&id=41&Itemid=63&lang=kz
- 2 Қазақстан тұтыну нарығындағы бағалар/ҚР статистика агенттігінің статистикалық жинағы. – Астана. – 2012. – 470 бет.
- 3 АҚШ энергиялық ақпарат әкімшілігінің шикі мұнай бағалары статистикалық мәліметі. Интернет ресурс: http://www.eia.gov/dnav/pet/pet_pri_spt_s1_d.htm
- 4 Әлем елдерінің бензин бағасы рейтингісі. Интернет ресурс: <http://www.mytravelcost.com/petrol-prices/>

References

- 1 Kazaqstan Respublikasining munay jane gaz ministrligining aqparati. Internet resurs: http://www.mgm.gov.kz/index.php?option=com_content&view=category&layout=blog&id=41&Itemid=63&lang=kz
- 2 Qazaqstan tutinu narighindaghi bagalar/KR statistika agenttigining statistikalıq jinaghi. – Astana. – 2012. – 470 bet.
- 3 AKSh energıyalıq aqparat akimshiligining shiki munay baghalari statistikalıq malimeti. Internet resurs: http://www.eia.gov/dnav/pet/pet_pri_spt_s1_d.htm
- 4 Alem elderining benzin bagasi» reytingisi. Internet resurs: <http://www.mytravelcost.com/petrol-prices/>